


94(574.25)
A39

Жырықтау
Алаберген



Аўгандом Сарға
Дамыра

أیدپول ساري بطير

8. Қадыр Тайшықов



***«Білім алмай, «елшіл» болған немді алған!
Ел танымай, жыршы болған немді алған!
Өзім қотыр, емші болған немді алған?
Өзім олақ, зершіл болған немді алған.***

«Жапсыңқа», «Бұйрас», «Малкелді» деген атпенен,
Оқырманын ойлануға шақырған.
Гогольдің «Өлі жандарын» алғаш аударып,
Жатып ішерлерді тілімен өткір түйреген.

Бейімбет, Ілияс, Дүйсенбектермен бірігіп,
Зиянкестерге қарсы шықты білек түрініп,
«Телефон жеңгей», «Табылған хаттар», «Нотаны»,
Өмірінен алды жүргендердің желігін.

«Шұнақтар» мен «Күйеулерді» әжуалап,
«Бұқа мініп, майданға шықты құр-құрлап».
«Бюрократ волокитаға тоймайды»,
Құтылайық дегі тұрғанда қалмай титықтап.

Әнші де болды, етік те тікті, сурет сап,
Базарға шықты саудагермін деп қап арқалап.
Үй саламын деп Қожанасырша айтқанда,
Беренелерді рәсуа қылды жаңқалап.

Көзімен көрді өмірдің бар қызығын,
Қиыны мен жанға жайлы тұнығын.

Қағазға жазып халқына соны ұсынды,
Сабақ боларлық қоспасыз таза ұрығын.

Емдегі ол ауруын тауып қоғамның,
Ажыратып жігін жақсы мен жаманның.
Қазіргі заман керісінше боп барады,
Жолын болдырып тойымы жоқ нағанның.

Бизнеспен айналып кетті Көпендер,
Күнін көре алмай бүрсеңдеп жүр Төкеңдер.
«Араның» күші болмаған соң шағатын,
Байып жатыр шетел асып Әкеңдер.